



10-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

САЯСИ ФИЛОСОФИЯҒА КІРІСПЕ

Платон демократияға қарсы





Платонның «кәсіптің аналогиясы».

Джонатан Вулф Платон көзрасын талқылауды «Республика» еңбегінде келтірген салыстырмамен бастайды: мемлекетті – кеменен, билеушіні – капитанмен салыстыру

«Кемеде немесе кемелерде орын алуы мүмкін мынадай жағдайды қарастырып көрейік. Капитан команда мүшелерімен салыстырғанда бәрінен күшті әрі денесі де ірі, бірақ құлағы нашар естиді, алыстағыны көрмейді әрі теңізде жүздегі тәжірибесі де аздау делік. Экипаж мүшелері кемені қай бағытқа жүргізу керектігі жөнінде бір-бірімен таласады, әркім өзін штурвалда отыруға лайықты санайды, олар навигация өнерін ешқашан үйренбеген, біреуден бұған қатысты азды-көпті дәріс алдым немесе оны үйренуге біраз уақыт жұмсадым деп те айта алмайды, өзіне бұны оқып-үйрену мүмкін (қажет) емес дейді, мұның мүмкін екенін айтқан адамды өлтіруге де дайын. Олар капитанның қасынан шықпай, оны айналшықтап штурвалды өздері алу үшін қолдарынан келгенді жасап бағады. Егер бір топ екіншісінен мықтырақ болып шықса, қарсыластары оларды өлтіріп, денелерін теңізге лақтырып тастауы мүмкін, өз ісіне адал капитанды есірткі немесе ішімдік беріп не басқа бір амалмен шеттетіп, кемедегі билікті өз қолдарына алады, сөйтіп өзіміз күткендей сапарды ішімдік ішіп, көңіл көтеретін саяхатқа айналдырады. Ақыр соңында олар күшпен немесе айламен капитанға айтқанын істете алатын адамға сүйсіне қарай бастайды, оның теңізде жүзу және навигация өнерін, сонымен қатар теңіз ісіндегі білімінің тереңдігін мақтайды, ал басқаларды түкке тұрғысыз деп сынап-мінейді. Олардың кемені басқаруға лайықты адамның жыл мезгілдерін, аспанды, жұлдыздарды, жел бағытын және өз кәсібіне қатысты басқа да мәселелерді жақсы білуі керектігінен хабары жоқ; олар сонымен қатар, кеменің штурвалына ие болу үшін мұндай кәсіби қабілеттерді игеру мүмкін емес (олар қаласа да, қаламаса да) деп есептейді әрі навигация өнері деген нәрсе жоқ деп ойлайды. Кемедегі осындай жағдайдан кейін матростардың нағыз навигатор шеберіне түк пайдасы жоқ жұлдыз санаушы әрі көк мылжың ретінде қарайтындары белгілі емес пе?»

Платон, Республика, басылым. Н. Р. D. Lee ([б.з.д. 380–360 жж], Harmondsworth (Хармондсворт): Пингвин, 1955), 282, 488а-д

Платон демократияға қарсы көзқарасында демократия теориясындағы тағы бір нақты шиеленісті пайдаланады. «Монархия» – «монархтың билігі» сияқты, «демократия» – «демостың билігін» білдіреді. Алайда, демос дегеніміз не? Классикалық грек тілінде ол «халық» және «тобыр» (топ) деген мағынаны білдіреді. Соңғы түсінік бойынша, онда демократия дегеніміз - тобырдың билігі деген сөз: тұрпайы, лас, жарамсыз құл-құтанның билігі.

Демократияға осылайша қарау - Платонның негізгі антидемократиялық аргументтерінің кіріспесі ғана. Оның негізгі қаруы - былайша айтқанда «кәсіптің аналогиясы» Мұның мәні өте қарапайым. Егер сіз сырқаттанып, денсаулығыңызға қатысты кеңес алғыңыз келсе, сол саладағы сарапшы-маманға, яғни, дәрігерге барасыз. Басқаша айтқанда, сіз осы жұмыспен арнайы айналысатын біреуден кеңес алғыңыз келеді. Сіз бұқара топты жинап, олардан дұрыс дәріні табу үшін дауыс беруді сұрамайсыз ғой.

Мемлекет саулығының маңызы кез-келген жеке адамның денсаулығының маңызынан кем емес. Саяси шешімдерді - мемлекет мүддесін көздейтін шешімдерді қабылдау дұрыс ақыл мен іскерлікті талап етеді. Ал бұл, Платонның пікірінше, сарапшы-мамандардың еншісіне қалуы тиіс. Егер адамдарға шешім қабылдауға мүмкіндік берсе, оларды даусы өзгелерден қаттырақ шығатын әрі адамдарды нандыра білетіндер, яғни, софистер басқарады, сондай-ақ олар кемедегі саңырау және жартылай соқыр капитан секілді мансапқұмар саясаткерлердің жалған пікірлерінің ықпалында кетеді. Ал, навигация өнерінде шынымен де тәжірибесі мол адамдар назардан тыс қалады. Платонның пікірінше, осы күйге түскен кеменің жолынан жаңылып, теңізге батып кететіні сияқты, мемлекеттің кемесі де осы жағдайға түседі.

Алайда, Тәжірибелі билеушілерді қайдан табуға болады? Бұл жерде, Платонның жауабы қарапайым. Патшалар философ болмайынша немесе философтар патша болмайынша әділетті қоғам құру мүмкін емес. Платонның пікірінше, философиялық білім - басқаруға қажетті біліктілік. Платонның философ болу идеясы - бірнеше жыл бойы философиялық еңбектерді оқып, ой елегінен өткізу дегенді білдірмейді. Оның «сақшыларға» өмірлік білім беруге арналған жоспары бар, ол ерте жастан сауаттылыққа үйретумен қатар, музыкалық, математикалық, әскери білім беруді және дене шынықтыруды қамтиды. Философия 30 жасқа келгенше мүлде оқытылмайды. Бес жыл философияны оқу он бес жылдық әскери қызметпен ұштасады, осы жолды абыроймен өткендер философиямен тұрақты айналасуға рұқсат алады.

Дегенмен, бұл жерде бір қауіп бар - деп ескертеді Джонатан Вулф.

Егер біз Платонның Республика еңбегінің осы және басқа да қырларын егжей-тегжейлі қарастырсақ, жолымыздан біраз ауытқып кетер едік. Атап айтқанда, Платон айтқан сақшылар міндетті түрде алуға тиіс



білімнің табиғаты мен мазмұнына терең үңіле алмаймыз. Алайда, біз кәсіп аналогиясын есімізге түсірейік. Басқару дегеніміз - дағды, ол медицинада, навигацияда, тіпті егіншілікте қалай қалыптасса, басқаруда да солай қалыптасады. Ол үшін арнайы даярлық қажет және бұл дағдыны меңгеру кез-келген адамның қолынан келмейді.

Бір қарағанда, Платонның демократияға қарсы аргументтері жойқын күшке ие секілді болып көрінеді. Егер, басқару дегеніміз дағды болса және ол азғантай адамның бойында ғана қалыптасса, онда демократия ақылға қонымсыз әрі иррационалды болып көрінеді. Демократияны жақтайтын адам кәсіп аналогиясына жауап беретіндей нәрсе ойлап табуы тиіс. Бірақ оның әлсіз тұстары бар ма?

Сақшылар туралы

Ең алдымен Платонның ұсынған жүйесі - диктаторлық басқару түрі екенін айту қажет. Платонның сақшыларды тәрбиелеу арқылы тәжірибелі басшылар сыныбын қалыптастыруға болатыны жайлы айтқанымен келісек те, бұл олардың қолына өмірімізге билік жүргізетіндей құзырет беруіміз керек дегенді білдірмейді.

Бұл жердегі мәселе мамандарға сенбеуіміз керек дегенді білдірмесе керек, бірақ олардың қолына шексіз билік беру, апатты жағдайдың бастауы болмақ. Сіз дәрігердің кеңесіне құлақ аса аласыз немесе сәулетшінің қызметіне жүгінудіңізге болады, алайда егер «дәрігердің бұйрығының» заңды күші болса немесе адамдарға үйді сәулетшілер бөліп берсе, бұған кім қуана қойсын?

Бұл адамдардың жұмысы қаншалықты жақсы болса да, оларға біздің атымыздан шешім қабылдауды нәліктен сеніп тапсыруға тиіспіз?

Олардың басқа да әрекеттерге де баруы мүмкін, мәселен, «өз ұясына қажетті мамық тасиды» дегендей.

Бұл бұрыннан бар ескі қарсылық. Сақшыға - философқа - патшаға жағдайды өз пайдасына шешуге не кедергі келтіруі мүмкін? Билеушінің белгілі салада маман екенін айту көңіл жұбата қоймас. Егер біз билеушілер жемқорлыққа жол береді деп күтсек, онда біліксіз адамдардың басқаруы жөн секілді көрінеді. Осылай болса, тым құрығанда, жемқорлықтың залалы әлдеқайда аз болар еді. Платонның жүйесіндегі қайшылық мынада: сақшылардың өзін кім бақылайды?

Платонның бұл қиындықты ескермегені байқалады. Оның бұған берген жауабындағы пікір мынадай – «сақшылар сыбайлас жемқорлыққа жол бере алмайтындай жағдайда болуы керек. Мысалы, патша-философтарға жеке меншікті иеленуге рұқсат берілмеуі қажет».

Сондықтан, бүгінде өзіміз жиі көретін жағдай: билік басындағы отбасы немесе топ өз халқының есебінен әл-ауқатын өсіретін сыбайлас жемқорлыққа орын қалмайтындай көрінеді. Егер жеке меншікке қарсы шешім орындалатын болса, онда кері кетіп, қайшылыққа ұрынамыз. Егер, сақшының өмірінің құны көк тиын болса, ел билеуге келісіп қайтеді? Платонның бұған берген жауабы негативті. Сақшылар билікке ішкі немесе сыртқы марапаттар алу үшін емес, өздерін басқалардың билеуіне жол бермеу үшін келіседі. Басқа адамдарға, тіпті одан зорғысы барлық адамдарға өздерін билетуге жол бермеу үшін, олар бұл борышты еріксіз мойындарына алады.

Дегенмен, егер сақшылар жеке меншікке қатысты заңдарды бұзуға шешім қабылдаса немесе тіпті тиісті рәсімдер арқылы оларды өзгертуге бел буса, оларды тоқтатуға қажетті өкілеттілік кімнің қолында болмақ? Сондықтан, Платонның сыбайлас жемқорлыққа жол бермейтін заңдарына толық сенімді бола алмаймыз.

Сақшыларды қалай тағайындау қажет деген мәселе де - көңілге күдік ұялататын сұрақтардың бірі. Платонның пікірінше, әлеуетті сақшыларды ерте жастан тандап алып, түрлі күрделі сынақтардан өткізіп, ең мықтыларын тандап алуға болады. Бұл шынымен де мүмкін болып көрінеді.

Алайда, сақшылардың билікке деген талаптары (ұмтылуы) жалпы халыққа қолайлы бола ма деп сұрақ көкейге оралады. Айналып келгенді, адамдардың көпшілігінің философиялық білімі болмағандықтан, олар ең үздік билік иесінің кім екенін де анық біле алмайды.

Егер осы қарсылықтарды бір араға топтастырсақ, мұның соңы неге әкеп соғуы мүмкін? Алайда, бұл мәселелерді Платонның ұсыныстарымен қоса алғанда демократияны қорғауға деген құлшыныс деп айтуға болмайды. Жауап басқа бір демократиялық емес жүйеде болуы мүмкін. Тағы бір қайталасақ, билік азғана адам меңгерген дағды болса, әрине, онда саяси шешімдер қабылдауды қара халықтың (тобырдың) еншісіне қалдыру ақымақтық болар еді.

Білім және мүдделер

Аргументтің тағы бір түрі бізге ілгерілеуге көмектесе алады. Платонның талабы бойынша, билеушілерге



Кітап: Саяси философияға кіріспе
Дәріс: Платон демократияға қарсы
Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

салалық білім қажет.

Бірқатар сыншылар арнайы білімнің белгілі бір деңгейін меңгерген билеушілердің бар екеніне сенімсіздікпен қарауымыз керектігін айтады. Айналып келгенде, ешбір адамның еш нәрсеге қатысты толық сенімді бола алмайтыны жайында жиі естиміз. Саясатта болсын немесе ғылым мен философияда болсын білімге қатысты талап қою қате. Сондықтан, егер біз кез-келген мәселені шешуді сарапшы мамандарға қалдырсақ, олардың қабілеттерін асыра бағалап, өзімізді өзіміз алдаған болып шығамыз.

Әлдебір өкілеттікке ие адамның көрегендігіне күмән келтіріп, төмендету бізге қаншалықты ұнаса да, бұл жауап бізді ұзаққа апармайды. Ешкім ешнәрсені толық біле алмайды деген факт кейбір адамдар өзгелерге қарағанда мәселені жақсы талдай алады деген тұжырымға қайшы келмейді. Мысалы, көп адам секілді мен де дәрігерлердің өз білімдеріне қатысты сөздеріне сенімсіздікпен қараймын. Бірақ егер мен аяғымның сынғанын білсем, әрине, дәрігерге барар едім. Тіпті, олардың жиі қателесетіндеріне сенімді болсам да, солай жасаған болар едім. Медициналық білімі жоқ адамдар жағдайды одан ары ушықтыруы мүмкін. Осылайша, Мүлтіксіз білім жоқ болса да, бұл зерттеудің барлық салаларында адамдардың барлығы бірдей білікті немесе біліксіз дегенді білдірмейді. Кәсіптік аналогияны осылайша шешуге тырысу, шын мәнінде кәсіптің жоқ екенін айтады. Бұған мүлде сенуге болмайды.

Бірақ басқа салаларға қатысты сараптамалық білім болғанымен де, билік пен басқаруда қолданылатын сараптамалық білімнің болмайтыны да шындық емес пе? Бұған да сену қиын. Бүгінде биліктегі адамның экономика, психология мен адамдық мотивация салалары бойынша білімі болуы қажет. Оларға жоғары интеллект, еңбекқорлық пен қажымайтын қауқар, тамаша жады, детальдарды талдай білу қабілеті, адамдармен қарым-қатынас жасай білу қасиеті (бұларды үнемі қолдана алмаса да) қажет. Ешбір адам басқа біреумен салыстырғанда әлдеқайда мықты билеуші бола алады деп ойлау қате. Шешім шығару - белгілі бір дәрежеде кәсіп (кәсіпкер) екеніне қатысты жақсы мысалдар келтіруге болады.

Дегенмен, бұл қарсылықта бізді әлдеқайда тиімді бағытқа қарай итермелейтін әлдене бар. Мүмкін, ауру аяқты кесіп тастауға шешім қабылдау үшін қол көтеріп, дауыс беруді өтінетін тәсіл сияқты емес, саяси шешімдерді қабылдаудың өзіндік ерекшеліктері бар шығар. Бұл ойды анықтай түсу үшін, демократиялық жүйедегі дауыс беру табиғатына тереңірек үңілуіміз керек. Платон дауыс берудегі мақсат - жалпы мемлекет үшін ненің жақсы екеніне қатысты пікірлерді тіркеу деп есептейді.

Платон демократияға қарсы болса да, биліктегілердің жүрегінің түкпірінде халықтың мүддесі жатуы тиіс деген пікірмен келіседі. Ол бұл мақсатқа халықтық басқару жүйесі арқылы жетуге болатынын жоққа шығарады. Платон ұстанымының осал екенін дәлелдеу арқылы демократияны қорғауға тырысып көруге болады.

Халық үшін жүргізілетін билік халықтың қолында болуға тиіс. (Халықтың өз билігі өз қолында болуы тиіс) Негізіне, Платон ізгі диктатура жүйесін қолдайды. Алайда, тіпті диктатор халық мүддесін алдыңғы орынға қойса да, бұл мүдденің қандай екенін қалай анықтап біле аламыз? Демократия жүйесінде халық дауыс беру арқылы өз мүддесін көрсете алатын сияқты: олар өздері қалағандарын таңдау үшін дауыс береді. Демек, дауыс беру шешім қабылдау процесінен де маңыздырақ. Дауыс беру процедурасы болмаса, оны қалай анықтауға болады?

Платон сақшылар қайырымды ғана емес, сонымен қатар олар сарапшы-маман болуы тиіс деп жауап беруі мүмкін. Олар - дана әрі білімді. Алайда, бұл туралы Платонның ойы қандай болса да, терең метафизикалық тұрғыдан бұл дұрыс болса да, іс жүзінде адамдардың барлығы бір мүддені көздейді деген тұжырымның жалған екені анық. Мысалы, үлкен жол салу мәселесі қарастырылып жатыр делік. Кейбір адамдар бұл жолдың салынуына мүдделі. Басқалардың мүддесі бұған қайшы болуы мүмкін: мысалы, осы басты бағыттың бойындағы бір бизнестің иесі үшін бұл жолдың салынуы қолайсыз. Кейбір адамдарға белгілі бір бағытқа баратын жолдың салынуы қолайлы болса; ал тағы біреулерге ол жолға қарағанда басқа бағыт тиімдірек болар еді. Жолдың құрылысы адамдарға түрліше ықпал етеді. Осылайша, бұл жерде көптеген бәсекелес мүдделерді есепке алу қажет. Философиялық еңбектерді оқу бұл мәселенің түйінін шеше алмайды.

Басқа жағынан алғанда, мұндай мысал бізді демократияның құндылығына күмәнмен қарауға итермелейді. Мұндай түрлі тілек пен мүдделерге қатысты шешім қалай қабылдануы тиіс? Бұл жерде екіден аса таңдау болғандықтан бір де бір таңдау көпшіліктен қолдау таппады. Тіпті солай болған күннің өзінде көпшіліктің қалауын қабылдауымыз қажет пе? Бұл азшылыққа қатысты жасалған үлкен қиянат болуы мүмкін.

Тағы бір алаңдататын мәселе - ол Біз ешқашан демократиялық дауыс беру халықтың қалауын немесе мүддесін көрсететініне ешқашан сенімді бола алмаймыз.



Бұған көз жеткізу үшін өте үйреншікті бір мысал қарастырайық. Мысалы, бір топ адам өздері бөлісетін және бақылайтын қоғамдық орында, мысалы, студенттер үйі болуы мүмкін, темекі шегуге рұқсат беруге бола ма жоқ па деген мәселеге қатысты пікірталастырып отыр. Сондай-ақ, олар көпшілік шешімімен келіседі деп болжайық. Бұның өзі егер басым көпшілік қоғамдық орындарда темекі шегуді қаласа, онда топ мүшелері темекі шегуге дауыс береді дегенді білдіре ме? Бір қарағанда, жауап анық сияқты болып көрінеді, алайда, бір сәт ойлану бұлай болмауы керектігін көрсетеді. Кейбір адамдар «темекі тартқыңыз келе ме, жоқ па?» деген сұраққа жауап беруге тиіс сияқты дауыс беретіндері рас. Бұл адамдар өз қалауларына сәйкес дауыс береді. Алайда, басқалары өздеріне «Сіз темекі тартуға рұқсат берілуі тиіс деп ойлайсыз ба?» деген сұрақ қойылған жағдайдағыдай дауыс береді. Тиісінше, кейбір темекі тартатын адамдар өз қылықтарының жағымсыз әсері басқа адамдарға кесірін тигізбеуі керектігін ескере отырып, дауыс береді. Кейбір темекі тартпайтындар да темекі шегу - әр адамның жеке ісі деп өздерінің қалауына қарсы дауыс береді. Басқаша айтқанда, бұл адамдар риясыз дауыс береді, сондықтан дауыс беруде өз мүдделерін белгілі етпейді.

Осыны ескере отырып, демократияны жеке мүдделерді немесе артықшылықтарды жария етудің тәсілі деп болжау ағаттық болар еді. Кейбір адамдар өздері нені қаласа, соған дауыс береді. Басқалары өз қалауларын немесе мүдделерін бір жаққа ысыра тұрып, моральдық тұрғыдан дұрыс болатындай шешімге дауыс береді. Біз белгілі бір электорат мүшелерін ненің ынталандыратынына қатысты нақты ештеңе айта алмаймыз: шын мәнінде, олар өздеріне сенімсіз болуы да мүмкін.

Мұның қандай салдарлары болмақ? Біз адамдардың басым көпшілігі жеңіске жеткен таңдаудың өз мүдделеріне сай келеді деп есептейді деп толық сеніммен айта алмаймыз; сонымен қатар халықтың басым көпшілігі шешім баршаның ортақ игілігі үшін қабылданады деп есептейді деп те айта алмаймыз. Қысқасы, аралас мотивациямен дауыс беру, бұл - жүйесіздік. Ең қиыны - қазіргі таңда бұл қалыпты жағдайға айналды.

Дауыс беру және ортақ игілік

Аралас мотивация негізінде дауыс беру мәселесі бізді дауыс берушінің мотивациясы қандай болуы керек деген мәселені шешуге мәжбүрлейді. Сайлаушылар іс жүзінде осындай мотивацияға ие болатынына біз кепілдік бере аламыз ба деген - тағы бір мәселе, одан да күрделі болуы мүмкін.

Алайда егер адамдар ортақ игілік туралы өздерінің ой-пікірлеріне сүйеніп дауыс берсе, ол да ешнәрсені белгілі ете алмайды. Ол бізге жалпы көпшіліктің ортақ игілік туралы не ойлатынын ғана білдіреді, алайда көпшіліктің шынайы қалауы не екенін ашып көрсете алмайды. Дауыс беру болмаса, билеушілер халықтың нені қалайтынын айта алмайды деген пікір - соңғы аргумент болатын.

Алайда, бұл демократияны қорғаудың басқа түрі туралы мәлімдейді. Егер біз адамдарға олардың ортақ игіліктер туралы көзқарастарына сәйкес дауыс беруіне мүмкіндік берсек және көпшіліктің шешімінің ыңғайына жығылсақ, онда бәрін дұрыс жасадық деп айтуға тамаша мүмкіндік болар еді. Демократияның пайдасына шешілетін аргументтің мәні мынада - ол ортақ игілікті анықтаудың тамаша тәсілі болып отыр.

Бұл аргумент Платонның пайдасына шешіліп тұрған сияқты. Біз неліктен бұл мәселені арнайы даярланған сарапшы мамандарға қалдырудан гөрі қара халықтың дауыс беруі арқылы шешу әлдеқайда дұрыс деп санауға тиіспіз? Дәл осылай халықтан кемені басқаруды, медициналық шешім қабылдауды, қой бағуды және т.б. өтініп сұрай аламыз. Сарапшыларға қарағанда қарапайым адамдар бұл мәселені жақсырақ біледі деп ойлауға не себеп?

Қызық, бірақ оның себебі бар. Француз философы және саяси теоретигі МАРКИЗ ДЕ КОНДОРСЕ (1743–1794) https://en.wikipedia.org/wiki/Marquis_de_Condorcet адамдардың ортақ игілікке қатысты дауыс беруінің артықшылықтарын көрсететін өте қызықты математикалық аргумент келтіреді. Егер орта есеппен алғанда, адамдардан дұрыс жауап алу мүмкіндігі көбірек деп ойласақ, онда шешім қабылдауды көпшіліктің еншісіне беру дұрыс нәтижеге қол жеткізудің тамаша тәсілі екенін көрсеткен. Егер адамдардың басым көпшілігі дауыс беретін болса, онда дұрыс жауап алу мүмкіндігі артады. 10 мыңдық электорат ішіндегі адамдардың әрқайсысында қате жауаптан гөрі дұрыс жауап беру мүмкіндігі көбірек болғандықтан, көпшіліктің шешімі дұрыс нәтиже береді.

Кондорсе аргументі Платонға қарсы жеткілікті жауап ретінде көрінуі мүмкін. Бірақ оның тек екі жағдайда ғана жарамды екенін түсіну маңызды.

1. Орта есептегі адамның таңдауының дұрыс болу мүмкіндігі жоғары болуы тиіс.
2. Әрбір жеке тұлға белгілі бір мүддені көздеп емес, ортақ игіліктер туралы өз ой-пікіріне сүйене отырып, дауыс беруге ынталандырылуы керек.



Кітап: Саяси философияға кіріспе
Дәріс: Платон демократияға қарсы
Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

Егер екінші болжам сәтсіз (жарамсыз) болса, онда мен аралас мотивациялық дауыс беру деп атаған күрделі мәселеге қайта ораламыз. Егер бірінші болжам ақталмаса, жағдай одан бетер күрделене түседі. Егер, орта есеппен алғанда, адамдар арасында дұрыс жауап беретіндерден гөрі қателестіндер көп болса, көпшіліктің даусы оң нәтиже бермейді.

Демократия құндылықтары

Осыған дейін біз ортақ игілікке қол жеткізу үшін Платон ұсынған сақшылар жүйесіне қарағанда демократия дұрысырақ па деген мәселені қарастырдық. Бұл зерттеуде оғаш бір нәрсе бар. Көп адам баршаға ортақ игілікке қол жеткізуде басқа жүйелермен салыстырғанда демократиялық жүйелердің артықшылығы болмаса да, демократияны қолдау керек деп мәлімдейді. Басқаша айтқанда, біз осыған дейін демократия үшін инструменталды негіздеме бар ма деген сұрақты қарастырып келдік: ол біз үшін құнды болып табылатын тағы басқа нәрсеге қол жеткізу тәсілі ме? Алайда, мүмкін бізге басқа мәселені қарастыру керек шығар. Демократияға тән жақсы бір нәрсе бар ма? Яғни, қалаған нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік бермесе де, демократияның жақсы болуы мүмкін бе (жоқ дегенде белгілі бір кезеңге дейін)?

Бұл ойдың ізіне түссек, кәсіптік аналогия туралы қайта ойлана бастаймыз. Кәсіптік аналогия басқаруды дағды ретінде қарастыратын идеяға негізделген: ал дағды сыртқы бір объектіге (мақсатқа) қол жеткізуді көздейді. Платонның пікірінше, демократияны өзіміз күткен нәтижелерге қол жеткізуге қаншалықты көмектесетініне қарай бағалау қажет. Бірақ дағдыны нәтижелер үшін ғана емес, кейде жай ғана сол дағдының болғаны үшін бағалайтынымыз белгілі. Бұл контексте мұндай ұқсастық орынсыз көрінуі мүмкін, дегенмен, дағдыны хобби ретінде қолданса, не болатынын ойлап көріңіз. Тіпті, хобби практикалық жағынан пайдалы болса да, мысалы, ағаш өңдеу делік, хоббиге белгілі бір нәтижеге қол жеткізудің тиімді тәсілі ретінде баға беру сирек кездеседі. Жасағаныңыз тамаша үстел болуы мүмкін, алайда сіз оған құнды уақытыңызды жұмсайсыз, ал дүкенде одан да жақсырақ әрі арзанырақ үстелдер бары рас. Хобби адамдарға өзінің физикалық және ақыл-ой күшін байытуға және сынауға, сонымен қатар өзінің қадір-қасиетін дамытуға мүмкіндік береді. Ал құндылықтың бұл түрі өндірілетін тауарлардың құндылығына тәуелді емес.

Бұл демократияны ортақ игілікке қол жеткізуге қаншалықты көмектесетініне қарап қана бағаламау керек деген ойға жетелейді, бірақ бұның да маңызды екені рас. Біз кәсіптік аналогияны басқа қырынан да қарастыруымыз керек. Платон басқаруды навигациямен, яғни, мемлекеттік кемені басқарумен салыстырады. Егер біз навигацияны қара халыққа сеніп тапсырсақ, оның қандай хаосқа, яғни ішімдік ішіп, көңіл көтеретін саяхатқа айналатынын білеміз

Платон.

Біз ешқашан өзіміз қалаған жерге жетпейміз.

Бірақ алдын-ала белгіленген межелі жерге тиімді жету үшін навигацияда нақты мақсат болуы керек пе? Мысалы, оқу-жаттығуға арналған сапарды алайық. Мұндай жағдайда, біз әр адамға рульді бұруға мүмкіндік берер едік. Шынында, мемлекет кемесіндегі саяхат неліктен мас күйде көңіл көтеру саяхаты болмауы керек? Жоқ дегенде, әр адам уақытын қызықты өткізіп, үйіне аман-есен жетсе, оның несі жаман?

Бұл тұста айта кететін салмақты әрі маңызды мәселе мынада: саяси шешім қабылдау кезінде белгілі бір мақсаттарға жетудегі құндылықтардан өзгешеленетін құндылықтарға мән берілуі мүмкін. Демократияны жақтаушылар демократия саяси құрылымдардың басқа түрлеріне қарағанда жақсырақ шешімдер қабылдайтындықтан ғана құнды емес, демократиялық процестердің өзінде құнды нәрсе бар дегенді айтады. Демократияның, әдетте, өзіміз жоғары бағалайтын екі құндылықты: еркіндік пен теңдікті білдіретініне қатысты көзқарас бар. Осы түсінікке сай, еркіндік дегеніміз - адамдардың саяси шешімдерді, әсіресе оларға қатысты шешімдерді қабылдау кезіндегі дауыс беру құқығына ие болуы. Теңдік дәл осы еркіндіктің барлық адамға бірдей берілуінде жатыр.